

Жақсыбайкөл негізгі мектебінің Мектеп Парламенті өзін-өзі басқару ұйымының

2022-2023 оқу жылындағы жасаған жұмысына талдауы

Білім беру және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Құрман орта мектебінде 2022-2023 оқу жылында «Мектеп парламент» білім алушыларының өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін жылдық жоспар жасалынып, жоспар бойынша іс-шаралар өткізіліп жатыр. Жыл басында Парламенттің жобалау кеңесі өткізіліп, отырыс қорытындысы бойынша бұрынғы парламент президенті 9 класс оқушысы Аманжол Айбол Парламент Президенті болып сайланды.

Парламент мақсаты: балалармен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау. Құрман орта мектебіндегі Парламент жұмысының құрылымы 8 фракциядан тұрады. Фракция мүшелері сайланып, Парламент кеңесі өткізіліп тұрады. Жаңа оқу жылына жұмыс жоспары жасалынып, парламент мүшелері өз жұмыстарын бастап кетті. Атап айтар болсақ қамқорлық фракциясының басшылығымен «Отбасы құндылықтары» челленджі түсіріліп, әлеуметтік желіге жарияланды.


Қыркүйек айында «Біз денсаулықты таңдаймыз» атты 1-9 сыныптар арасында фестиваль, «Менің таза аулам» мектеп ауласын қоқыстан тазарту сенбіліктері болып өтті.



Дублер күнін өткізу туралы парламент ұйымының отырысы өтті, және мектепте дублер күнін өткіздік.

1 қазан қарттар күні мен 4 қазан ұстаздар күнін ұштастыра отырып «Ұстазым менің ұстазым» атты кездесу кеші мәдениет және өнер фракциясының ат салысуымен өтті. Кешке қарт ұстаздармен мектеп ұстаздары қатынасты, кеш соңы мерекелік концертпен аяқталды.

Республика күніне орай «Таза табиғат» экологиялық акциясы ұйымдастырылды, ұйым мүшелері толықтай қатысты.



Қамқорлық фракциясының жоспар бойынша «Интернетке тәуелділіктің алдын-алу» сауалнамасы 7-8 класс оқушыларымен жүргізілді.

Республика күніне орай, «Менің елім қазақстан» атты челлендж түсірілді.

Мәдениет фракциясының жетекшісі: Ұлықпанова Назымның ұйымдастыруымен «Күзгі бал» кеші өтті. Кешке 5-9 сынып оқушылары түгел қатысып, өз дәрежесінде өтті.

Қараша айында «адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» дөңгелек үстел, «Құқықтық сауаттылық заман талабы» пікірталас іс шарасы болып өтті.

Желтоқсан айында Өзін өзі тану және бақыт фракциясының ұйымдастыруымен «Жүрегім толы мейірім» акциясы, мәдениет фракциясының ұйымдастыруымен «Қош келдің жаңа жыл» атты шаралар болып өтті.



«Қош келдің Әз Наурыз!» мерекелік шарасына өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері белсенділікпен ат салысты.



Экология және еңбек фракциясының ұйымдастырумен 1 сәуір «Құстар күні» сурет көрмесі ұйымдастырылып, оқушылар марапатталды.

Мамыр айында Мәдениет және өнер фракциясының ұйымдастыруымен «Ұлы Жеңіске тағзым» атты мерекелік концерт, «Сыңғырла соңғы қоңырау» салтанатты жиыны өткізілді.

Дайындаған: Жайлыбаева Базаргүл Бақдаулетовна